

Махамбет ауданы Бейбарыс селосы шекарасын өзгерту туралы

Атырау облысы Махамбет аудандық Мәслихатының бірлескен 2009 жылғы 10 қыркүйектегі N 181 шешімі және Махамбет аудандық әкімдіктің 2009 жылғы 8 шілдедегі N 259 қаулысы. Атырау облысы Әділет департаменті Махамбет ауданының әділет басқармасында 2009 жылғы 15 қазанда N 4-3-127 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6, 31-баптарына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы N 4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 5, 12-баптарына және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы N 442-II Жер Кодексінің 19, 108, 109-баптарына сай Махамбет аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ** және Махамбет аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Первомайский" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жалпы көлемі 20,0 гектар, оның ішінде суармалы жайылым 20,0 гектар жер телімі Бейбарыс селолық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесіне берілуіне байланысты және қосымшадағы Бейбарыс селолық округі елді мекенінің шекарасын өзгерту туралы жерге орналастыру жобасына сәйкес Бейбарыс селолық округі елді мекенінің шекарасы **ө з г е р т і л с і н .**

2. Бейбарыс елді мекенінің аумағын кеңейтіп, тұрғын үй құрылысын жүргізу мақсатында жалпы көлемі 20,0 гектар, оның ішінде суармалы жайылым 20,0 гектар жер телімі "Первомайский" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жерінен алынып, Бейбарыс селолық округі әкімі аппаратының құзыретіне пайдалануға берілсін.

3. Бейбарыс селолық округі әкімі аппаратына жерді Бейбарыс елді мекенінің бас жоспарына, жоспарлау мен құрылыс салу жобасына және аумақтық жер – шаруашылық орналастыру жобаларына сәйкес пайдалану міндеттелсін.

4. Осы бірлескен шешім мен қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

5. Осы шешім мен қаулының көшірмесі Бейбарыс селолық округі әкімі аппаратына, аудандық жер қатынастары бөліміне, аудандық сәулет және қала құрылысы бөліміне жіберілсін.

*Махамбет аудандық мәслихатының
кезекті 17-сессиясының төрағасы*

Т. Есенғазиев

Махамбет ауданының әкімі

Р. Сисатов

Аудандық мәслихат хатшысы

А. Құрманбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК